

**Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына арналған
лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 25 наурыздағы N 292 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.07. N 1116 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Приозерный разрезі" Қазақстан-Ресей компаниясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Қостанай облысындағы Приозерное қоңыр көмір кен орнын өндіруге Қазақстан Республикасының Үкіметі 1999 жылғы 10 қыркүйекте берген АИ N 163Д сериялы Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануға арналған лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрсын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі белгіленген тәртіппен осы қаулыға сәйкес көрсетілген жер қойнауын пайдаланушыға лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы хабарлама дайындасын және жіберсін.

3. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы хабарлама берілген күнінен бастап лицензияның қолданылуын тоқтата тұруды туындатқан себептерді жою үшін бір ай мерзім белгіленсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі